



Бекітемін

«Көлік колледжінің директоры

А.С.Нугымаров

« 09 » 2021 ж.

**Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің Білім басқармасы  
«Көлік колледжі» КМҚК  
оқушыларын ай сайынғы аттестаттау тәртібі туралы  
ЕРЕЖЕ**

Осы ереже 18.03.2008 ж. №125 «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидалары» негізінде және 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 «ҚР 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясына» сәйкес әзірленді.

Ай сайынғы аттестаттау – оқушылардың жүйелі жұмысын, ағымдағы оқу үлгерімін, сабаққа қатысуын тұрақты бақылаудың маңызды нысандарының бірі. Аттестаттау оқушылардың кәсіби дайындығының сапасын арттыруға септігін тигізеді.

Колледждің оқушыларын аттестаттау төмендегі ережелердің негізінде жүргізіледі:

1. Аттестаттау кезеңі бір ай болып табылады. Оқытушының аттестаттауды аяқтаған соңғы күні айдың соңғы күні болып табылады.
2. Оқытушы оқушының білім аттестаттау бойынша бағасын аттестаттау айының соңында соңғы сабақта журналдың «аттестаттау» (А) белгісі бар жеке бағанасына қояды.
3. Аттестаттаудың қорытынды бағалары айдың соңына дейін сабақтардағы, ол үш сабақ болуы мүмкін жұмыстың барлық түрлері үшін пән бойынша кемінде ағымдағы үш бағасы негізінде қойылады, бірақ айдың соңына дейін 7 сабақ бойынша 3 баға мен аттестаттау міндетті түрде қойылуы тиіс.
4. Егер оқушы дәлелді себептермен сабақ босатса, онда оқытушы босатқан сабағының меңгерген материалы үшін тақырыпты дайындау дәрежесіне байланысты «5», «4» немесе «3» деген баға қоя алады.
5. Егер оқушы себепсіз сабақты босатса, онда оқытушы дайындығының дәрежесіне тәуелсіз босатқан сабағының меңгерген материалы үшін тек «3» деген баға қоя алады.
6. Егер оқушы сабақта «2» бағасын алса, онда тақырып материалын меңгерген соң білім алушының дайындық дәрежесіне тәуелсіз тек «3» бағасы қойылады.
7. Семестрдің қорытындысын шығарған кезде пәндер бойынша өткен айда

8. қойылған аттестаттау бағалары ескерілмейді, қорытындысы барлық айлардың ағымдағы бағалары бойынша қойылады. Теориялық оқу журналына аттестаттау жүргізілген соң «2» және «ж» өтеуден басқа қосымша баға қоюға тиым салынады.
9. Егер бір айдың ішінде пәндер бойынша тек зертханалық – практикалық жұмыстар ғана жүргізілсе, онда ай бойынша аттестаттау ЛБС беттеріне қойылады, егер теориялық та, практикалық та сабақтар жүргізілсе, онда баға теориялық сабақ беттерінде ЛПС нәтижелерін ескере отырып қойылады.
10. Оқу үлгерімі, аттестаттау сапасы және пәндер бойынша баға қоюдың объективтілігі үшін жауапкершілік пән оқытушыларына жүктеледі.
11. Науқастануы немесе басқа себептер бойынша баға алмаған оқушыларға пән оқытушылары сынып жетекшілерімен бірге аттестаттау алу үшін қосымша сабақ мерзімін белгілейді.
12. Сабақ босатқан оқушы сабаққа келген уақытта сынып жетекшісіне оның босату себебін растайтын құжат ұсынуы тиіс. Мұндай құжаттарға: колледж бойынша түрлі шараларға қатысу үшін сабақтан босату бұйрықтары, колледждегі кезекшілік, студенттер поликлиникасының (немесе колледждің медициналық қызметкері куәландырған басқа медициналық ұйымның) сабақтан босату туралы анықтамасы, жатақхана комендантының кезекшілік күдері туралы анықтамасы, колледждің медициналық қызметкерінің анықтамасы, бөлім меңгерушісінің сабақтан босату туралы өтініші жатады.
13. Сабақты себепсіз босатқан жағдайда, сынып жетекші оқушыдан түсініктеме талап етіп, оны бөлім меңгерушісіне ұсынуы тиіс.
14. Толтырылған аттестаттау тізімдемесін айдың соңғы күні сынып жетекші қорытынды шығару үшін бөлім меңгерушісіне тапсырады.
15. Аттестаттау нәтижелерін бөлім меңгерушісі бөлім бойынша рәсімдейді (оқу үлгерімі %, білім сапасы %, сабаққа қатысу % көрсетіледі). Мониторинг нәтижелері оқу бөлімі жанындағы Кеңесте қаралады.
16. Бөлім бойынша аттестаттау қорытындысы айы сайын топ оқушыларына жалпыколледждік жұмыс жиынында хабарланады.
17. Бағаның жинақталуын, аттестаттаудың жеделдігін және объективтілігін тексеруді директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушілері, циклдық комиссия төрағалары, сынып жетекшілері іске асырады.
14. Аттестаттау нәтижелері талқыланады:
  - Ай сайын оқу бөлімі жанындағы Кеңесте, ОТК, циклдық комиссия отырыстарында, сынып жетекшілерімен оқу топтарында;
  - мерзімді түрде педагогикалық кеңесте, директордың қатысуымен кеңесте, кіші педагогикалық кеңесте талқыланады;
  - Аттестаттауды талдау нәтижелері бойынша құрылымдық бөлімшелер хаттамаға енгізілетін тиісті шешімдерді қабылдайды. Олар дайындық деңгейін арттыруды қамтамасыз ететін жедел шараларды қабылдауға негіз болады.
18. Білім алушылардың оқу үлгерімін ағымдағы бақылауының, аралық және

